

"Байқоңыр" кешенінің аумағында "Протон-М" зымыран-тасығышының құлау зардаптарын жоюдың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 104-ө өкімі
1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясының
жалға алуы жағдайында оның аумағындағы экология және табиғатты пайдалану
жөніндегі келісімге сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп:

1) «Байқоңыр» кешені бойынша Ресей-Қазақстан үкіметаралық комиссиясының осы
өкімге қосымшаға сәйкес құрамда 2013 жылғы 2 шілдеде ресейлік «Протон-М»
зымыран-тасығышының құлау салдарынан келеңсіз экологиялық зардаптарды жою
жөніндегі іс-шаралардың өткізілуін бақылау жөніндегі жұмыс комиссиясын (тобын)
құрсын;

2) қажет болған жағдайда, тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдар
мамандарының экологиялық зардаптарды жою жөніндегі жұмыстарға қатысуын
қамтамасыз етсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетовке жүктелсін.

Премьер-Министр С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2013 жылғы 9 шілдедегі
№ 104 - ө өкіміне
қосымша

**Қазақстан Республикасынан 2013 жылғы 2 шілдеде ресейлік "Протон-М"
зымыран-тасығышының құлау салдарынан келеңсіз экологиялық зардаптарды
жою жөніндегі іс-шаралардың өткізілуін бақылау жөніндегі жұмыс
комиссиясының (тобының) құрамы**

Қаппаров - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
Нұрлан Жамбылұлы қорғау министрі, төраға

Мұсабаев	- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы, төрағаның орынбасары
Талғат Амангелдіұлы	
Байжүнісов	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, төрағаның орынбасары
Эрик Әбенұлы	
Мұхамеджанов	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі, төрағаның орынбасары
Бектас Ғафурұлы	
Смайылов	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Жанболат Амангелдіұлы	
Құсдәулетов	- Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі
Дулат Рашитұлы	
Тұрғымбаев	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Ерлан Заманбекұлы	
Жұманғарин	- Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі
Серік Мақашұлы	
Бектұров	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Азат Ғаббасұлы	
Ыбырайым	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы
Нұрлан Мұхтарбекұлы	
Бекшин	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы
Жандарбек Мұхтарұлы	
Әлиев	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасының орынбасары
Жомарт Шияпұлы	
Нұртаев	- Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі
Рзақұл Сәденұлы	